**Бекітемін:**
**Меңгеруші: Шалабаева Ж.С.**
**Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Жоспардың құрылу кезеңі** 26-30 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 26.12 | Сейсенбі 27.12 | Сәрсенбі 28.12 | Бейсенбі 29.12 | Жұма 30.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен карсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру** | Ата-анаға кеңес: Балалардың қол маторикасының дамуына үйде қайшымен қағаздардан түрлі заттардың сұлбасын қиып,айшымен жұмысты көбірек пайдалану туралы кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындар,бейнелеу әрекеті ,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Сөйлеп тұрған таңғы Радио»**<br>Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Үстел үсті ойыны:** «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **Ойын– жаттығу:** «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап | **Д/о :**«Жанды және жансыз табиғатты ажырат».<br>Жер,су,ауа.<br>**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу. | **«Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу.<br>**Д/О:«Не артық?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**«Табиғат мінезі»** жаттығуы |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Аяқты алшақ ұстау; 1-2- қолды жан-жаққа көтеріп, шапалақтау (3-4) жәй қолды төмен түсіру, дем шығару.<br>2. «Насос»- н. қ - аяқты алшақ ұстау; 1-2 оңға қарай бұрылу, қол жоғарыда, дем шығару 3-4 а. қ келу дем алу 6 рет қайталау.<br>3. А. қ қол белдің артында 1-оң аяқты созу, аяқтың ұшын алға ұстау, 2- сол аяқпен 3- отыру, тізені ашу. 4- а. қ 6-8 рет қайталау.<br>4. Тіземен отыру, қолды денеге жабыстыра ұстау; 1-2 арқаны бүкпей артқа иілу; 3- 4 н. қ 8 рет қайталау.<br>5. «Қайшылар» н. қ- отыру, аяқты ашу, жабу, қол артта. Аяқты жоғары көтеру, төмен түсіру 8 рет қайталау. | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)** | Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік) | | | | |
| | **Фотосуреттер қарастыру:«Көліктер»**<br>**Мақсаты:**Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенін | **Д/ойын: «Кері айт»**<br>**Мақсаты:**мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдырларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. | **«Жолаушылар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көңілдірін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол | **Үстел- үсті ойын:«Пазлдарды құрастырамыз»**<br>**Мақсаты:**конструктормен,е септеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін | **Д/ойын:«Көліктерді ата»**<br>**Мақсаты:**балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенін түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру. | Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу. | жүру ережесін түсіндіру. | дамыту.<br>Көліктер жайлы әңгімелесу. | |
| **Ұйымдастырылған қызмет** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** -жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.**«Мен жақсы сөйлеймін»**<br>Мақсаты: балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, сөзік қорын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөйлемде бекіту.<br>**«Сөйлемді толықтыр»**<br>Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу<br>**Сурет салу**<br>«Үй жиһаздары»<br>Мақаты: үй жиһаздарының атауын білу<br>**«Көпір»**<br>Мақсаты: сөздік қорын, логикалық ойлауын дамыту, | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** -Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>1.«Жыл атасы» дидактикалық ойыны<br>**2.«Бұл қай кезде болады?»**<br>Ойынның мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру<br>**2.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу<br>**«Суретті жұмбақтар»**<br>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, сөдік қорын дамыту.<br>**«Санамақ»**<br>Мақсаты: Санамақты ретімен айтуға дағдыландыру<br>**«Қыс» өлеңін оқу**<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** жұмбақ шешуге баулу<br>«Жиһаздар» | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**«Балық аулайық»**<br>Мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем құрауға үйрету.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** -Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>Ойынның мақсаты: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту (танертең,күндіз,кеш,түн)<br>**Жапсыру**<br>**«Сенің бір күнің»**<br>Мақсаты: Тәулік бөліктеріне қарай суреттерді ретімен жапсыру | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**«Кім көп сөз біледі?»**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Д\О «Нүктелер арқылы сурет сал»<br>**2.Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** - Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**«Менің Отаным»** өлеңін жаттау<br>**Мүсіндеу**<br>«Бәйтерек» ғимаратын мүсіндеу<br>**3. Музыка (муз . жетекшісінің жоспары бойынша)**<br>**4.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** -Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау<br>**1.«Ретімен қой»**<br>**2. «Не дұрыс емес»**<br>Мақсаты: оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтауға үйрету<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** жұмбақ шешуге баулу<br>«Жұмбақтар әлеміне саяхат»<br>Мақсаты.Әр түрлі жұмбақтар шешу арқылы балалардың ой қиялын дамыту<br>**3.Шығармашылық.**<br>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. (құрастыру)<br>Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау (сурет салу) затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану (мүсіндеу)<br>- Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланыстырып сөйлем құрауға үйрету.<br>**3.Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** -Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**«Менің Қазақстаным»** әңгімелесу<br>Мақсаты:Қазақстан отаны туралы түсініктерін кеңейту<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>-Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;<br>**Эстафеталық ойын**.<br>Мақсаты: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, | Мақсаты: Жиһаздар жайлы жұмбақтар шешу<br>**4. Музыка**<br>**(муз . жетекшісінің жоспары бойынша)** | **3.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** - Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**«Әңгіме ойлаймыз»**<br>Мақсаты: байланыстыр ып сөйлеу тілін, зейінін дамыту.<br>**«Күн мен түн»**<br>Мақсаты: жаңа сөздерді бекіту, есте сақтау қабілетін және көріп қабылдау қабілетін дамыту.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру.<br>Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Қ/О: «Өз жұбыңды тап**<br>Мақсаты: Жұбымен шеңбер бойымен жүру. | мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. | (жапсыру)<br>затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану<br>(мүсіндеу)<br>**«Шырша»**<br>Мақсаты: шыршаның шаблонын қиып, жапсырып, құрастыру, суретін салу<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>«Музыкалық жаттығулар»<br>Мақсаты: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіруге үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>- Сөйлеуді дамыту<br>- Көркем әдебиет<br>- Дене шынықтыру<br>- Қоршаған ортамен таныстыру | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты**: | **Күн мен түн неге ауысады?**<br>**Мақсаты**:Күн мен | **Қара қарғаны бақылау**<br>— Қарғалардың | **Шыршаға бақылау**<br>Шырша мәңгі жасыл | **Аюға бақылау**<br>Табиғатта тіршілік ететін жабайы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>— Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз «Ағаштар» М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>Ағаштар не үшін керек?<br>Ол адамға не береді?<br>Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>Ағаштардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, | түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>Жұлдыздар түнде қайда кетеді?(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)<br>Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. | қысқы тіршілігін бақылау;<br>— Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Құстар қыста тоңады** Ө. Ақыпбеков<br>**Мақсаты:**<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>Қарғаның түсі қандай?<br>Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?<br>Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.<br>**Еңбек** Алаңды қардан тазалау. | өсімдік. Оның ауаны тазартатын ерекше қасиеті бар. Оны емдік қасиеті үшін де пайдаланады. Шырша ашық күн көзін жақсы көреді. Жыл сайын сынған, майысқан бұталарын кесіп, реттеп отыру керек.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға шырша жайлы мәлімет беру. Ой – өрістерін кеңейту. Зейінін қалыптастып, есту қабілеттерін дамыту. Шыршаны ажырата алуға баулу. Оның адамға деген пайдасынн айтып, түсіндіру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Сұрақтар:**<br>- Шыршаны неге мәңгі жасыл өсімдік дейміз?<br>- Оның түсі қандай?<br>- Оған қалай күтім жасау керек?<br>- Адамдар үшін қандай пайдасы бар?<br>**Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:**<br>Қыста, жазда, күзде де,<br>Тұрады жасыл түске еніп.<br>Шипасы мол шыршаның,<br>Тыңайтар бізге күш беріп.<br>**Қорытынды: «Біз не білдік?»**<br>Шыршаның пайдасын білдік.<br>Ол мәңгі жасыл өсімдік.<br>Оған қалай күтім жасау керектігін білдік. | аңдардың бірі – аю. Ол орманда өмір сүреді. Аюдың екі түрі болады. Бірі-қоңыр аю болса, екіншісі - ақ аю. Ақ аю суық аймақтарда өмір сүреді. Судағы балықтармен қоректенеді. Ал, кәдімгі қоңыр аю орманда тіршілік етеді. Ол әрүрлі жеміс-жидектермен қоректенеді. Аю балды жақсы көреді. Қоңыр аю қыста ұзақ уақыт ұйқыға кетеді. Көктемде ол ұйқысынан оянып, ары қарай тішілігін жалғастырады. Оның көру қабілеті төмен, сондықтан есту қабілетіне сүйенеді. Икемсіз баяу қозғалатын аң. Оның баласын – қонжық деп атайды.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға аю туралы мәлімет беру. Оның тіршілігін айтып, түсіндіру. Ой-өрісін дамыту. Жабайы жануарларды ажырата алуға баулу.<br>**Сұрақтар:**<br>- Аю қайда мекендейді?<br>- Оның түсі қандай?<br>- Ол нені жақсы көреді?<br>**Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер:**<br>Жазда қыдырады, қыста тыныгады. Ол не? (аю)<br>**«Аю»**<br>Үңгірі – әсем шатыр-ды<br>Жүреді аңдар жоламай,<br>Демес оны тар мекен.<br>Алысқанын қан қылар.<br>Алты ай ұйықтар батырды<br>Қонжықтары баладай<br>Көргендерің бар ма екен?<br>Жидек құмар, бал құмар.<br>**Қорытынды: «Біз не білдік?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптеріне кар үю.<br>Мақсаты: ағаштарға деген камқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойын**<br>«Аулада кандай ағаштар өседі?».<br>Мақсаты:<br>— Табиғатқа камқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | **Қимылды ойын**<br>«Жердің күнді айналуы».<br>Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».<br>Мақсаты:мергендіктерін дамыту. | Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын:**<br>«Бәйге».<br>Мақсаты: жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Шаңғымен жүруге жаттықтыру<br>Мақсаты:<br>күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту. | | Қар қыс мезгілінде жауады.<br>Алғашқы қар өте жұмсақ, тез ерігіш келеді.<br>Қарда балалар шаңғы тебеді, шанамен ойнайды. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әл-Фарабиге<br>Қанша неше ұғымдарын қалыптастыру | Аруға<br>Сөздік қор | Көзайымға<br>Дыбыстарды ажырату | Нұрисламға<br>Дыбыстарды ажырату | Ақеркеге<br>Қанша нешеу ұғымдарын қалыптастыру |
| **Балалардың өзіндік қызметі** | Пазлдар жинау | Шашки ойнау | Кітаптар қарау | Пазлдар жинау | Ертегі кітаптар қарау |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата –аналарға кеңес**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | | | | |